

№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Ата-анаға кеңес:

«Баламен қалай сөйлесем?».



Педагог-психолог: Ишанова Алмагуль Амангелдиевна

2025 жыл

№2 "Айгөлек" бөбекжай бақшасындағы ата аналарға арналған кеңес беру пункттің жұмыс жоспары бойынша "Баламен қалай сөйлесем?" атты тақырыпта ата-аналармен жеке кеңес.

-балаға еліктеп, балаша сөздің айтылымын бұрмаламау;

-анық, дұрыс, эмоционалды түрде сөйлесу;

-балаға кітапты көбірек оқып, жаңа және бейтаныс сөздерді түсіндіріп беру;

-балаға сұрақ қойғанда, жауап беруін асықтырмаңыз;

-ешбір жағдайда баланы мазақтап, сөйлеу қателіктері үшін жазаламау.

Ең басты назар аударатын жайттардың бірі –' ата-ананың балаға деген шексіз махаббаты.

Сөзсіз, нә, баланы сүю керек, бірақ мәселе онда емес, ең маңыздысы сол сезімді басқара білу.

Үнемі еркелете берсе, балаға ол кері әсерін тигізеді. Кейбір ата-ана баланың ыңкыл-сынқылын әлдебір табиғи нәрсе ретінде қабылдайды. Кей кезде тіпті баланың жағымсыз әрекеттерінің өзі де оларды қуанып жатады. Үнемі назардың ортасында болып үйренген бала нағыз дөрекі мінезді бола бастайды.

Баланың тыңдамауы – үлкеннің баланың алдында еш абыройы жоқтығының белгісі.

Бала тәрбиесі баршамызға ортақ іс. «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қарапайымдылық пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды.» - Әбу Насыр әл-Фараби-

ҚОШТАСҚАНДА БАЛА ҚАТТЫ ЖЫЛАЙДЫ

Сіз ұйқыдан ояндыңыз. Баланы балабақшаға' апару керек, ал балаңыз балабақшаға барғысы келмейді. Сіз үйден шығуға дайынсыз, ал балаңыз жерде домалап, шыңғырып жылап жатыр. Не істеулеріңізді білмейсіз, шыдамыңыз таусылды. Жылап жатқан баланы көтеріп алып, балабақшаға жүгіріп келесіз. Баланы әрең шешіндіресіз, бала әлі де жылап, сізден айырылмайды. Тәрбиеші әрең дегенде баланы сізден айырып алып топқа кіргізеді.

Сіз балабақшаның есігін жауып, кетіп бара жатып, балам әлі де жылап жатқан шығар деп, терезеге қарайсыз. Не көресіз? Немесе не көргіңіз келеді? Балаңыз біраздан соң жасын сүртіп түк болмаған сияқты басқа балалармен ойнап кетті.

ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Баланың балабақшаға дейін жолын қызықты қылу керек.'

Міндетті түрде үйге келгенде балаңызды мадақтаңыз.'

Күні қалай өткенін асықпай сұрастырып әңгімелесіңіз.'

Қалай сағынғаныңызды айтыңыз, балабақшадағы тәртібі үшін мақтаңыз. Балабақшаға баратын жолмен демалыс күндерінде де' қыдырып жүру қажет. Бірақ та жүргенде тек қана жақсы көңілді эмоцияңызды көрсетіңіз.

Өз өзіңізге сенімді болыңыз. Егер, балабақшаға' жақындаған сайын баланың жылағанынан қорықсаңыз, сіздің қорыққаныңыз балаға да беріледі. Балабақша сіздерге қаншалықты керектігін өзіңіз үшін' нақты шешіп алуыңыз керек. Егер де керек деп шешсеңіз, онда өз өзіңізге сенімді болып,' шешіміңіздің дұрыстығында еш күмәніңіз болмасын.

